

“Ақтөбе қаласының білім бөлімі” ММ
№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК



Ақтөбе қаласы

2026 жыл



Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету


№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығын басшылыққа ала отырып білім беру ұйымын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған. Аталған мәлімет бойынша №35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК жабдықтармен және жиһазбен жеткілікті деңгейде жабдықталған. №35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК Мекен жайы: Жаңақоныс елді мекені, «Б» кварталы, 67 «А» учаскесі тел: 53-39-20. Құрылтайшы: Ақтөбе қалалық әкімдігінің 22.10.2012 жылы №3265 қаулысы, ҚР-ның 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-ІҮ «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес. Тіркеу номері: №1852-190401-МК 2012 жыл 22 қараша. Мектепке дейінгі мекеменің басшысы: Ермаганбетова Марал Сахиевна. Проект қуаттылығы: 150 бала. Мекеме ашылу жылы: 2012 жыл 6 топқа арналған, жобалық сыйымдылығы 150 орынға есептелген, 2 қабатты типтік ғимаратта орналасқан.













Ойын бөлмелері






Жатын бөлмелер




Дәретхана, жуынатын бөлмелер



Қабылдау бөлмелері



Психолог кабинеті



Медбике кабинеті, асхана, кір жуу бөлмесі



№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, холодильниктермен, асхана құрал-жабдықтарымен үтіктейтін тақтамен, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 2 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі, меңгеруші, әдіскер және психолог бөлмелері барлық қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай. Сонымен қатар қазіргі заманауи тұрғыда «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» негізге ала отырып барлық бөлмелері СанПин талаптарына сай жасақталған.

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті видео, музыка орталығымен барлық топтар жабдықталған. Топтарда үстел, отырғыш, кереует, шкафтармен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен, 5 дағды бойынша дамытушы орта ойыншықтарымен толық жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары, табиғат бұрыштары және қазақ бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 дағды бойынша безендірілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы 348 бұйрығы, 1-қосымшасы, 18 тармағы негізінде тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тәрбиеленушілердің белсенді жұмысын ұйымдастыру, бірлік, білім мен өмірдің байланысы принципі, жүйелілік принципін сақтай отырып балабақшада дамытушы кешені құрылды.

Бірінші қабатта дәлізде «Аспан әлемі, ғарыш кеңістігі», «Су асты әлемі» алаңы балаларды аспан, су асты әлемімен таныстыру, оларға аспан туралы, жұлдыздар т.б туралы жалпы түсініктерін қалыптастыруға, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруді қарастырады.



Дамытушы-кеңістіктік орталықтың элементтерінің бірі - сөйлейтін қабырға технологиясымен жинақталған магниттік тақта орналасқан, бұл баланың дербес әрекетін, дағдыларын, визуалды жүйесін реттейді, қажетті ақпаратты еркін түрде алуын, өз қызметін жоспарлауды және ақпараттық ресурстарды жобалауды таңдауына қолайлы. Сөйлейтін қабырғаларды балабақша педагогтері жұмысында белсенді түрде қолданады. Материалды жыл мезгіліне және тақырыбына сәйкес ауыстырып отырып өткізеді. Бұл технология баланың жас ерекшелігіне, деңгейіне сайқұрылған.



«Қауіпсіз қала» алаңы балалардың жолда жүру ережелері, қауіпсіздікті сақтау шараларын үйренуіне және балалардың кеңістікті бағдарлай білуіне әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік және

жалпы адами құндылықтарға баулу, дербестікке тәрбиелеу, өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға қамқоршылықпен қарауға тәрбиелеу үшін құрылған.



Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін екінші қабатта «Белсенділік алаңы» бұрышы орналасқан. Бұнда спорттық құрал-жабдықтар, жұлынның жоғарғы бұлшықеттерінің қалыптасуы мен дамуы үшін өте пайдалы және денені пропорционалды болуына тиімді швед қабырғасы, тепетендікті, кеңістікті бағдарлау қол моторикасын дамуына, қолдың шыдамдылығына буындардың кернеуінің жойылуына, қозғалғыштығын артуда тиімді «Жираф» өрмелеу қабырғасы (скалодром) жасалған, соққы қап (боксерская груша) бокс қолғаптары, құрастыру және әртүрлі белсенді ойындар ұйымдастыруға тиімді көпфункционалды түрлі түсті жұмсақ модульдер, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшықеттерін жетілдіруге арналған, массажды төсеніштер түрлі пішіні, ойын материалдары жинақталып ұйымдастырылған. Мәдени-гигиеналық әдеттерімен дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары белгіленген.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту арқылы балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырып, коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту жұмыстары жасалуда. Балалардың ойын технологиялары негізінде көркем әдебиеттер мен қатар атрибуттар театр бұрышы қамтамасыз етілген. Барлық топтарда кітап бұрышы толықтырылып, жабдықталып, оқырман залы ұйымдастырылды.



№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК 14 бейнебақылау жұмыс жасайды. Онын 5 балабақша сыртында, яғни 1 бейнебақылау балабақшаның сыртқы есігінде, қалған 4 бейнебақылау төрт жанында орналасқан. 9 бейнебақылау балабақша ішінде, яғни 1 бейнебақылау балабақша ішкі кіре берісінде, оның 6 бала ойнайтын топтарда, 1 бейнебақылау музыка залында, 1 есепші бөлмесінде орналасқан. Бейнебақылаудың видеоларды 1 айлық көлемінде сақталады, 2026 жылдың қаңтар айында Инженер ТОО «Өрт қауіпсіздігі 2021» келісімі шартқа отырылған. Ішкі бейнекамералар саны-9. Алты топта-ойын бөлмесінде 6 бейнекамера, қосалқы кіреберісте-1 бейнекамера, адамдар жаппай жиналатын орын – музыкалық залда – 1 бейнекамера, есепші бөлмесінде – 1 бейнекамера орнатылған.

Ғимараттың периметрі бойынша, қосалқы кіреберістерде 5 сыртқы бейнекамера орнатылған, барлығы қалыпты режимде 30 күн сақталады.



5.1. Ішкі бейнекамералар саны-9. Алты топта-ойын бөлмесінде 6 бейнекамера, қосалқы кіреберісте-1 бейнекамера, адамдар жаппай жиналатын орын – музыкалық залда – 1 бейнекамера, есепші бөлмесінде – 1 бейнекамера орнатылған.



